

Жетесова Жанар Алмасовнаның «8D02304 – Филология» білім бағдарламсы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)» диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазіргі заманғы тіл білімінде антропоэзектік бағыт басымдыққа ие болып, тілдің тек құрылымдық жүйе ретіндегі сипатынан гөрі, оны адамның мәдени, танымдық және әлеуметтік болмысымен тығыз байланыстағы күрделі феномен ретінде қарастыру үрдісі кең етек алып отыр. Бұл ғылыми парадигма когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика және дискурс теориясы сияқты жаңа бағыттардың дамуына серпін берді. Аталған бағыттар тіл мен мәдениет, тіл мен ойлау, тіл мен дискурс арақатынасын зерделеуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда халықтың фольклорлық мұрасы – ұлттық дүниетаным мен тілдік сананың көрінісі ретіндегі ерекше құндылық. Соның ішінде ертегі жанры – адам мен әлем, табиғат пен руханият арасындағы байланысты символдық, көркем бейнелер арқылы жеткізетін дискурстық кеңістік ретінде зерттеліп жүр. Ертегі мәтіндері халықтың мәдени кодтары мен танымдық үлгілерін сақтап, тіл иесінің рухани-мәдени болмысын танытады. Бұл мәтіндерде жиі кездесетін жануарлар атауларын бейнелейтін анималистік лексика – ұлттық ойлау жүйесінің, әлеуметтік мінез-құлықтың және моральдық-этикалық нормалардың тілдік көрінісі болып табылады.

Анималистік лексика – табиғатпен өзара қатынаста қалыптасқан, тарихи және мәдени тәжірибемен ұштасқан көне лексикалық қабаттардың бірі. Қазақ және ағылшын ертегі мәтіндерінде жануарлар бейнесі тек көркемдік элемент емес, сонымен қатар ұлттық діл мен құндылықтар жүйесінің символы ретінде маңызды қызмет атқарады. Мұндай бейнелерді лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан салғастыра зерттеу – әр ұлттың болмысына тән ортақ және айырым белгілерді анықтауға жол ашады.

«Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивтік-салғастырмалы сипаты» диссертациялық зерттеу – қазіргі антропоэзектік бағыттағы өзекті әрі жаңашыл ғылыми жұмыс. Зерттеуші екі халықтың ертегі мәтіндеріндегі анималистік лексиканы лингвомәдени, символдық және когнитивтік тұрғыда зерделей отырып, олардың тілдік репрезентациясын салғастырмалы сипатта жан-жақты талдаған.

Жұмыстың құрылымы ғылыми талаптарға сай жүйеленген. Алғашқы бөлімде анималистік лексиканың теориялық негіздері мен терминологиялық өрісі (зооним, зооморфизм, зоосимвол, зоосемизм т.б.) сараланып, ғылыми бағыттар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар көрсетілген. Екінші бөлімде нақты тілдік материалдар негізінде қазақ және ағылшын ертегілеріндегі жануарлар бейнесіне семантикалық, прагматикалық,

символдық және мәдени тұрғыдан талдау жүргізілген. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің лингвомәдени мәні ашылып, бағалауыштық реңктер айқындалған.

Зерттеудің үшінші бөлімінде ассоциативті эксперимент нәтижелері ұсынылып, қазақ және ағылшын респонденттерінің анималистік лексикаға қатысты мәдени-символдық қабылдау ерекшеліктері салғастырмалы сипатта талданған. Эксперимент нәтижелері ертегі дискурсындағы жануарлар бейнесінің символдық мәнінің қазіргі ұлттық санада өзектелу деңгейін анықтауға мүмкіндік берген. Сонымен қатар зерттеуші жастардың тілдік-мәдени сауаттылығы мен этномәдени бағдарларын да ескеріп, әлеуметтік маңызы бар ұсыныстар жасаған.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивтік-салғастырмалы талдауы жүргізілді. Бұл зерттеу анималистік лексиканың ұғымдық, бейнелік, символдық мағынасын анықтау және екі мәдениетке тән ортақ және айырым белгілерін ажырату мақсатында кешенді зерттеу әдістемесін ұсынуға талпыныс жасаған. Ұсынылған әдіснамада анималистік лексиканың ұғымдық белгілері анықталған, бұл мақсатта сөздік мағыналар талданған, сонымен қатар екі тілдегі мақал-мәтелдер мен фразеологиялық қорлар зерттеліп, анималистік лексиканың бейнелік компоненттері қарастырылады.

Диссертацияның маңызды ғылыми жаңалығы ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегі дискурсын салғастыру арқылы анималистік лексиканың жиі кездесетін топтары айқындалды. Олардың лексика-семантикалық топтары анықталып, сызбаларға түсірілді, сонымен қатар лингвомәдени талдау жасалып, сандық көрсеткіштері берілді. Бұл талдау нәтижесінде анималистік лексиканың екі тілдегі айырмашылықтары мен ұқсастықтары көрсетеледі. Зерттеу барысында жүргізілген ассоциативті эксперимент қазақ және ағылшын тіл сөйлермендерінің санасында анималистік лексиканы қабылдау ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижелер анималистік лексиканың ассоциативті өрісінің кеңдігі мен тілдік санадағы қалыптасқан бейнелердің ертегі мәтіндерімен сәйкестігін көрсетті. Жалпы алғанда диссертациялық жұмыс – мазмұны бай, теориялық-әдістемелік негізі берік, ғылыми әлеуеті жоғары еңбек. Зерттеу нәтижелері этнолингвистика, мәдениетаралық коммуникация, аударматану және білім беру салалары үшін құнды практикалық материал бола алады. Сонымен қатар ұлттық тіл мен мәдениет тоғысын, ертегі дискурсының когнитивтік сипатын, анималистік бейнелердің лингвомәдени мазмұнын танып-білуге зор үлес қосады.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми-зерттеу жұмысын жеткілікті игергенін көрсетті. Жұмыстың нәтижелері 13 мақалада жарияланды. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін Eurasian Journal of Applied Linguistics, Процентиль 85%, Q 1 болатын ғылыми журналда жарық көрді. Қалған 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету

комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 8 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде біреуі шетелде өткен симпозиум материалдарының жинақтарында жарияланды.

Қорыта айтқанда, Жетесова Жанар Алмасовнаның диссертациялық жұмысы «8D02304 – Филология» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Жетесова Жанар Алмасовнаға «8D02304 – Филология» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші
филология ғылымдарының докторы,
профессор, Теориялық және қолданбалы
тілі білімі кафедрасы,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан



С.С. Исакова

22.04.2025